



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2019 жылғы 29 сәуір

2019 жылғы 19 сәуірден 26 сәуір аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу¹

26 сәуірдегі сауда-саттық қорытындылары бойынша **теңгенің нарықтық бағамы** бір АҚШ доллары үшін бір апта ішінде 0,4%-ға әлсіреп (379,29-дан), 380,89 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюталық нарықта 2019 жылғы 19 сәуірден 26 сәуір аралығында неғұрлым маңызды оқиғалар Канаданың (1,75%), Ресейдің (7,75%) және Түркияның (24%) Орталық банктерінің ақша-кредит саясатының бұдан былайғы траекториясына қатысты негізгі мөлшерлемені неғұрлым жайлы түсініктемелермен өзгермейтін деңгейде сақтау туралы шешімдері, АҚШ-тың 2019 жылғы 1-тоқсандағы (+3,2% кв/кв) ІЖӨ бойынша деректемелерді жария етуі, АҚШ-та тұтыну шығыстары индексінің 1,3% кв/кв дейін баяулауы, АҚШ Президенті Әкімшілігінің Иранға қарсы мұнай санкцияларымен байланысты шектеулерді орындауға қатысты 8 елге берілген артықшылықты ұзартпау туралы шешімі болды.

Аталған факторлар АҚШ доллары бағамының дамыған елдердің валюталарымен салыстырғанда нығаюына әкелді.

Дамушы елдердің валюта бағамдарының² АҚШ долларына қарағанда серпіні мынадай түрде қалыптасты:

- **Бразилия реалы** 0,1%-ға (3,928-ден 3,932-ге дейін) әлсіреді. Зейнетақы реформасының заң жобасы Конституциялық комитетте және Әділет комитетінде елдің заңнамасына сәйкестігіне мақұлдаудан өтті, реформа жобасын Конгресстің төменгі палатасының Арнайы комитетінің қарауына шығару жоспарланып отыр;

- **Мексика песосы** тәуекел-сентиментінің нашарлауы және инвесторлардың АҚШ-тың тәуекелсіз қазынашылық облигацияларға қызығушылығының артуына байланысты АҚШ долларының жалпы нығаюы аясында 0,8%-ға (18,79-ден 18,94-ке дейін) әлсіреді;

- **Үндістан рупиясы** мұнай бағасының өсуі және бір баррель үшін \$75 жоғары белгіге жетуі аясында 1%-ға (69,35-тен 70,02-ге дейін) әлсіреді;

- **Индонезия рупиясы** негізгі мөлшерлемені өзгермейтін деңгейде сақтауға қарамастан және Джоко Видодоның Индонезия президенті лауазымын атқаруға екінші мерзімге дайындығы барысында экономикалық өсуді ынталандыру үшін жақын уақытта оның төмендеуі туралы инвесторлардың күтулерінің өсуі аясында 1,1%-ға (14 045-тен 14 199-ға дейін) әлсіреді;

¹ шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ашық дереккөздердің негізінде апта сайын дайындайды

² АҚШ долларына қарағанда көлемі жағынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары.


- **Ресей рублі** салықтық кезеңнің аяқталуы, сондай-ақ ФҚО-ны орналастыру бойынша аукциондардың салыстырмалы табыссыз нәтижелерінің (орналастыру көлемі бір апта бұрын 125 млрд. рубльге қарағанда 54,4 млрд. рубль құрады) аясында 1,2%-ға (64,02-ден 64,8-ге дейін) әлсіреді;

- **Түрік лирасы** ОБ-нің қажет болған жағдайда мөлшерлемені көтеру туралы тұжырымдамадан бас тартып, оны сақтау туралы шешімінің аясында 2,2%-ға (5,81-ден 5,94-ке дейін) әлсіреді.

- **Оңтүстік Африка ранды** тәуекел-сентиментінің нашарлауы және Эском энергетика компаниясының қаржылық проблемалары туралы хабарларға байланысты жергілікті борыштық нарықтан капиталдың әкетілуі аясында 2,4%-ға (14,06-дан 14,39-ға дейін) нығайды.



Дамушы елдер валютасының серпіні (12 сәуір 2019=100, индекстің өсуі – валютаның нығаюы)



Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон бойынша алуына болады:
 +7 (727) 2704 585
 e-mail: press@nationalbank.kz
www.nationalbank.kz